

**«6D020800 Археология және этнология»маамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Бейсегулова Айнура Кыдыргалиевнаның «Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан қазақтарын  
салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Бейсегулова Айнура Кыдыргалиевнаның «Қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігі: Түркия және Өзбекстан қазақтарын салыстырмалы талдау» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және «Халық тарих толқынында», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының ғылыми-зерттеу бағыттарын қамтиды. Сонымен қатар, ҚР президенті мен ҚР Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілеріне, жарлықтарына жауап бере алады.</p> <p>Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымдамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер;</li> <li>- Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер;</li> <li>- «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер).</li> </ul>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады. Ғылыми жұмыстың құрылымы, тақырыптық-мазмұндық баяндалуы желісі жүйелі, ғылыми-тұжырымдық тұрғыдан дәлелді және орындалу сапасы жоғары деңгейде. Сонымен қатар тақырыптың

			<p>маңызы ашылған, қолданбалық нәтижелері өзекті. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген тұжырымдар мен түйіндер, қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен және 90 ға жуық информаторлардан алынған далалық этнографиялық материалдарды қолданумен және әдістерді пайдаланумен анықталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жоғары оқу орындарында тарих факультетінде студенттер мен магистранттарға оқытылатын этнологияның өзекті мәселелері, қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениетіне арналған дәрістер, семинарлар мен арнайы курстарда және осы тақырып бойынша зерттеу жүргізетін зерттеушілерге пайдалануға болады.</p> <p>Ғылыми жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары бұрын соңды жарияланбаған. Бұл Түркия және Өзбекстан казактарының этникалық бірегейлігінің негізгі факторларын, оның дамуы мен ерекше құрылымын, бірегейлік символдары мен белгілерін далалық экспедиция жұмыстарын жүргізу және теориялық тұрғыда зерттеулерге негізделетінін көрсетеді. Бұл диссертациялық жұмыстың тың және өзекті екенін көрсетеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Диссертацияның өзі жазу деңгейі жоғары деп айтуға болады. Өйткені, жұмыс бөлімдері теориялық және методологиялық және тарихнамалық тұрғыда талданған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының басым бөлігінде далалық экспедициялық материалдар кеңінен пайдаланылған. Осы бағытта арнайы материалдар зерттеушінің өзінің жинаған материалдары болып табылады. Жұмысты жазу барысында қолданылған отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне талдау жасалып, алынған тұжырымдарды салыстыруда, өзіндік көзқарасын білдіріп, теориялар мен тұжырымдарды зерделеуде өзі жазу принципі сақталынған. Түркия және Өзбекстан казактарының этномәдени бірегейлігіне қатысты теориялық еңбектер негізінен шетелдік зерттеушілер тарапынан жүргізілген. Осы еңбектерді зерттеу нысанында тиімді пайдалану зерттеушінің тақырыпты жан-жақты меңгергенін көрсетеді. Мұнда тақырып бойынша жасалған сараптамалар мен талдауларда автордың өзі жазу принципі сақталғаны көрініп тұр.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Қазақ диаспорасының қазіргі жағайы мен өткен тарихы шетелдегі казактардың этникалық бірегейлігін анықтайды. Бұл шетелдегі казактардың еліміздегі жергілікті казактармен ортақ мәдени біртұтас екенін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу жұмысындағы этникалық бірегейлікті жан-жақты қарастырылуы казактың дәстүрлі мәдениетін өзге ортадағы даму жағдайы мен трансформациялық үрдістерін түсіндіреді. Бұл қазақ диаспорасының қазіргі этникалық бірегейлігі келу тарихына, орналасу ерекшелігіне, тіліне, материалдық мәдениетіне, отбасы және неке әдептеріне, тарихи жады мен ата-баба мұрасын қастерлеу негіздеріне</p>

		байланысты екенін айғақтайды. Диаспорадағы оқшаулану жағдайында дамып, өзгеріске түсіп отырған қазақ мәдениетін талдау қазіргі этнология ғылымының өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген деуге болады.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ғылыми жұмыста бүгінгі таңда этнология ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі «шетелдегі қазақтардың этникалық бірегейлік» мәселесі негізгі орын алады. Диссертациялық жұмыс мазмұны оның тақырыбын толығымен ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Барлық бөлімдер ғылыми тұрғыда өзара байланысады. Берілген ғылыми тұжырымдар мен нәтижелері жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкестенеді. Ғылыми жұмыстың мазмұны тақырыбына сәйкес айқындалған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбының мақсаты Түркия мен Өзбекстандағы қазақтардың этникалық бірегейлігінің сақталуы мен өзгерісіндегі әлеуметтік-мәдени факторларды айқындау, бірегейліктің бір көрсеткіші халық мұрасының ұрпақтар арасындағы сабақтастығы мен трансформация мәселелерін салыстырмалы талдау болып табылады. Мақсатқа сай диссертацияның құрылымы белгіленген міндеттерді шешуге арналған. Диссертацияның ұсынылған материалдары және алынған нәтижелер қойылған болжамды растап, зерттеудің мақсаты айқын, міндеттері орындалған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері толық байланысқан және ішкі құрылысы бірізді, қол жеткізген ғылыми нәтижелері логикалық тұрғыда байланысқан. Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны толық ашылған және зерттеуде қойылған мақсат-міндет орындалған. Докторант зерттеу тақырыбын ашу барысында қазіргі заманғы тарихи салыстырмалы, нақты талдау, антропологиялық мектептердің әдістері мен этнографиялық деректерді тиімді қолдана отырып жан-жақты ғылыми талдау жасаған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп,	Диссертация жазу барысында сөзін талдау жүргізілген. Автор ұсынған қағидаттар, әдістер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сөзін талдау жасалынған.

		<p>бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста этникалық бірегейлік мәселесінің теориялық аспектілерін ХХ ғ. басындағы батыс антропологиялық мектеп өкілдерінің тұжырымдары зерделенген. Сонымен қатар, отандық ғалымдар ұсынған қазақтың этникалық бірегейлік қағидалары да тиімді қолданылды. Бұл шетелдегі қазақ диаспорасының примордиалистік, инструменталистік және контруктивистік тұрғыда жан-жақты талдауға болатынын көрсетті. Аталмыш теориялық және методологиялық ұстанымдарды тақырыпқа сәйкес талданып, қорытындылар жасалынды.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидааттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа;</u></li> <li>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидааттары негізінен жаңа болып табылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– отандық этнология ғылымында «этникалық бірегейлік» концепциясы теориялық-методологиялық тұрғыда талданған. Бұл жартылай жаңа ғылыми жаңалық бола алады.</li> <li>– қазақ диаспорасындағы этникалық бірегейлікті тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдау нәтижесінде этникалық бірегейліктің ішкі және сыртқы өлшемдері айқындалған. Толығымен жаңа болып табылады.</li> <li>– Түркия және Өзбекстан қазақтарының тығыз орналасқан аймақтарында этникалық бірегейлікті айқындайтын далалық-этнографиялық деректері жүйелі түрде салыстырылып, ғылыми айналымға енгізілген. Бұл жұмыстың толық ғылыми жаңалығы болып табылады.</li> <li>– мемлекеттік құрылымы екі түрлі жүйедегі қазақ диаспорасының қалыптасуы мен қоныстануындағы этникалық бірегейліктің сақталу немесе трансформациялануының әлеуметтік-мәдени факторлары айқындалған. Бұл жұмыстың толық ғылыми жаңалығы болып табылады.</li> <li>– Түркия және Өзбекстан қазақтарының дәстүрлі шаруашылық түрлері, материалдық мәдениеті салыстырмалы талданып, этникалық бірегейлік көрсеткіштері нақтыланған. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</li> <li>– Түркия және Өзбекстан қазақтарының тарихи жады мен мәдени мұраларды қастерлеу қасиеті салыстырылып, этникалық</li> </ul>

			бірегейлігіндегі ұрпақаралық сабақтастығы сараланған. Бұл жұмыстың толық ғылыми жаңалығы болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидаттары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық жәнсапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен сипатталады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Технологиялық шешімдер толығымен жаңа болыпта былады. Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде келтірілген ұсыныстарды болашақта тарихи, этнографиялық және диаспорологиялық зерттеу жұмыстарын дайындау барысында пайдалануға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. - Шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін зерттеуде теориялық-методологиялық жағынан батыс антропологиялық мектебінің, Ресей зерттеушілерінің және отандық ғалымдардың тұжырымдамалары пайдаланылған. - Зерттеу жұмысында Өзбекстан және Түркия елдеріндегі қазақтардың этникалық бірегейлігінің бір көрсеткіші олардың орналасу ерекшеліктері, қоныстануымен рулық құрамы салыстырылды, нәтижеде екі елдегі қандастарымызда орналасуы мен қоныстануында дәстүрлі мәдениет үлгісі сақталған, Өзбекстандағы қазақтардың рулық құрамы бойынша негізінен ұлы жүз бен кіші жүз және азырақ орта жүз өкілдері кездесе, Түркия қазақтарының негізін орта жүз және кейінірек Ауғанстаннан барған кіші жүздер құрайды. Диссертацияның екінші тарауында этникалық бірегейлікті кәсіпаралық байланыстар арқылы және материалдық мәдениет үлгілері арқылы анықтау әдістері қолданылған;

			<p>– Көшпелілер қоғамындағы биліктің киелілігіне (сакральдылығы) қатысты зерттеулердің тұжырымдарын талдау арқылы, көшпелілер қоғамы ұйымдасуының өзіндік ерекшеліктері айқындалған.</p> <p>– Шетелдегі қазақ диаспорасындағы қонақжайлылық пен адамгершілік категорияларының отбасында атадан балаға жетіп отырған мұра ретінде беріледі. Сондай-ақ қазақ отбасындағы ер мен әйелдің орны, отбасындағы қызметтері мен жауапкершілігі сараланып, ажырасу мен ұлтаралық некенің деңгейі анықталған.</p> <p>- Қазақтардың тіршілік қамы жүйесінде «серт», «уәде», «өсиет», «аңыз», «шежіре» сияқты ұғымдармен қамтылып, ұзақ жылдар бойы сақталған. Мұны қазақ қоғамының дәстүрлі ұстанымдарының жалғастығы ретінде түсіндірген.</p> <p>- Қазақ диаспорасындағы этномәдени ерекшеліктерін анықтауда тілдік, діни үрдістерде назарға алынған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p><b>Бірінші.</b> Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық бірегейлігі Қазақстандағы қазақтардан тұтас алғанда айтарлықтай айырмашылығы жоқ екені талданған. Алайда өз ортасына тән ерекшеліктері анықталған.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жоқ;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең;</p> <p><b>Екінші.</b> Этнология ғылымында қалыптасқан «этникалық бірегейлік» ұғымы этникалық топтың этномәдениетіне байланысты талданады. Алайда кейінгі кездері бұл ұғымның аясы кеңіп, философиялық, психологиялық тұрғыдан да зерттелуде. Мұның шеңберінде арнайы теориялар мен тұжырымдар қалыптасқан. Өзбекстан және Түркия қазақтарының этникалық сипатында кейбір ерекшеліктер байқалады. Бұл диаспораның басынан өткізген саяси және экономикалық жағдайына байланысты. Ол жастар арасында қазақ тілін меңгеру деңгейінен көрінеді. Түркияда 40-тан төмен жастағы азаматтар арасында қазақ тілін меңгеру деңгейінің төмендігі байқалса, Өзбекстанда қазақ тілін жас ерекшелікке қарамастан тұрақты меңгереді және қолданады. Тұжырым далалық этнографиялық экспедиция материалдары негізінде дәлелденген.</p>

			<p>Арнайы сауалнамалар дайындалған. Теориялық және методологиялық еңбектер қарастырылған.</p> <p>7.1 дәлелденді;  7.2 жоқ;  7.3ия;  7.4 кең;</p> <p><b>Үшінші.</b>Өзбекстанда да, Түркияда да аға буын өкілдері диаспораның әртүрлі жас ерекшелік және әлеуметтік топтарының мүддесін біріктіреді. Бұл олардың өміршеңдігіне негіз болып отыр. Ақсақалдар этностың мұрасын сақтаушы, диаспораның экономикалық негізін қамтамасыз етуші және этникалық бірегейліктің сақталуына қоғамдық-саяси жағдай жасаушы болып табылады. Арнайы этноәлеуметтік зерттеу әдістері негізінде дәлелденген.</p> <p>7.1 дәлелденді;  7.2 жоқ;  7.3ия;  7.4 кең;</p> <p><b>Төртінші.</b>Қазіргі кезде жаһандану үрдістері адамдардың күнделікті өміріндегі этникалық ерекшеліктер мен мәдени талғамды реттеуші басты фактор болып табылады. Мұнда Түркия, Өзбекстан және Қазақстан қазақтарын тұтас қарастыруға болады. Оған этникалық сипатта үйдің ішкі көрінісі, дәстүрлі казак тағамдары (бауырсақ, қазақша ет) сақталуы жатады. Қарастырылған тақырыптың әрбір бөлімі бойынша мұқият,тиынақты жұмыс байқалады. Жұмыстың тақырыбы толық ашылған,қойылған максат, міндет орындалған.</p> <p>7.1 дәлелденді;  7.2 жоқ;  7.3ия;  7.4 кең;</p> <p><b>Бесінші.</b> Жаһандану үрдісінің әсерінен жастар арасында этностың өткен тарихына, диаспораның қалыптасуына деген қызығушылық азайып бара жатыр. Алайда шежіреге деген қызығушылық сақталған. Әр үйде шежірені қастерлеп, сақтайды (оның ішінде Қытайдан келген кездері сақталғандары да бар). Аға буын</p>
--	--	--	---

			<p>жастардың жеті атаға толмай қыз алыспауын қадағалайды. Сонымен қатар үлкендер өзін-өзі әйгілеуде ру аттарын қолдану дәстүрін мирас етеді. Адам атымен бірге ру атын қосып айту қалыптасқан. Ру аттары қазақтардың орналасқан аймақтарында да сақталған. Қолданылған зерттеу материалдары сенімді, қорытындылар негізделген, ұсыныстар маңызға ие.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3ия; 7.4 кең;</p> <p><b>Алтыншы.</b> Түркиядағы қазақ жастары арасында бірегейліктің сыртқы факторлары – қазақ тілін білу деңгейі, тамақтану жүйесі арқылы анықталған. Қазақтардың бірегейлігі өзара қауіпсіз сезінуінен байқалады. Мұны кросс мәдени және контент сараптамалар арқылы талдаған.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3ия; 7.4 кең;</p> <p><b>Жетінші.</b>Өзбекстанда да, Түркияда да қазақтар этнос ретінде бірегейленуге тырысады. Көбінесе қоғамдар, мәдени ұйымдар құрады. Онда қазақ тілінде газеттер, журналдар басылады. Қазақша телебағдарламалар көрсетіледі. Түркия қазақтары кирилицадағы басылымдарды оқи алмайды, бірақ үйінде отырып қазақ телебағдарламаларына қосыла алады. Далалық экспедиция материалдары арқылы дәлелденген.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3ия; 7.4 кең;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; Зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары мен нәтижелері 14 ғылыми мақала негізінде жарық көрді. Оның ішінде ҚР БЖҒМ Білім</p>
--	--	--	---

			және Ғылым саласындағы бақылаусаласындағы комитеті ұсынған басылымдарда – 7 мақала; шет елдік халықаралық ғылыми конференцияларда – 2; отандық республикалық және халықаралық конференцияларда – 4; Scopus базасына индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар журналда – 1 мақала жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысында жалпы ғылыми және тарихи әдістеме қолданылған.</p> <p>Зерттеуші диссертация жазу кезінде тарихи үрдістегі зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне сүйенген. Сонымен қатар, этникалық топтарды зерттеуге арналған салыстырмалы талдаулар қолданылған. Арнайы дайындалған сұрақнама, сауалнама арқылы сұхбат алу, бақылау әдістері, статистикалық мәліметтерді салыстыру әдістері кеңінен қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмыстың нәтижелері заманауи әдістерді пайдалана отырып алынған. Ғылыми жұмыстағы көптеген зерттеулер бойынша ақпараттар берілген және тарихнамалық деректерді талдау мен өңдеу, интерпретациялау, салыстыру сияқты әдістер қолданылған. Сонымен қатар, батыстық антропологиялық мектебіне тән әдістер де қолданылған. Соның ішінде визуалды антропологиялық, әлеуметтік антропологиялық әдістер зерттеу жұмысында көрініс тапқан. Арнайы диаграммалар мен сызбалар берілген.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста берілген сызбалар, диаграммалар мен сауалнама нәтижелері өзара байланысты. Диссертацияда пайдаланылған нақты деректер, статистикалық мәліметтер, сұхбат нәтижелері этнографиялық зерттеу әдістері арқылы дәлелденген.</p>

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Берілген ұсыныстар, тұжырымдар мен қорытындылар арнайы ғылыми еңбектер мен нақты материалдарға сүйеніп жазылған. Түркия және Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлігін сақтауына байланысты талдаулар сауалнама, сұхбат алу және информаторлардың жеке мәліметтері арқылы талданған. Сонымен қатар, диаспора қазақтарының этномәдени бірлестіктері ұсынған статистикалық деректеріне сараптама жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <u>әдеби шолуға жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертацияны жазу барысында 176 ғылыми әдебиет пайдаланылды. Тақырыпқа сай диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік арнайы ғылыми еңбектер, мерзімді басылым материалдары, ғылыми мақалалар мен арнайы статистикалық мәліметтер пайдаланылды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу барысында Түркия және Өзбекстан қазақтарының этникалық бірегейлігін сақтау деңгейі толықтай ашылған. Алдына қойылған мақсат міндеттері трольғымен орындалған. Диссертациялық жұмысты зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық–методологиялық ұстанымдар мен принциптерді саралау мен пайдалану әдістерін көрсету келешекте аталмыш тақырыптағы ғылыми зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада	Диссертацияның қолданбалық маңызы бар және алынған нәтижелердің практикалық мүмкіндігі жоғары. шет

		<p>колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>жерлердегі отандастарымыздың этникалық бірегейлігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар белгіленіп, қандастарымыздың ассимиляциялану тетіктерін зерттеуге, тежеу жолдарын бағамдауға, мемлекетке ұсынымдар әзірлеуге пайдалануға болады; зерттеуді тарихи-этнографиялық бағытында оқылатын дәрістерге, арнаулы курстарға, этнология, тарих мамандықтарындағы таңдамалы мамандандыру модульдерге элективті пән ретінде енгізуге болады; диссертацияның тұжырымдамалары мен қорытындылары шет жерлердегі қазақтардың этникалық бірегейлігі мен даму моделінің стратегиялық жоспарын жасауға деректік база бола алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>Диссертациядағы зерттеулер мен практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысы теориялық-методологиялық тұрғыдан елімізде аса көп қарастырылмаған тақырып. Соның ішінде зерттеудің тәжірибелік бөлігі отандық этнографияда жаңа бағыт ретінде қарастырылады. Бұл Түркия және Өзбекстан қазақтарының бірегейлігін кең көлемде әлі де зерттеушілер тарапынан зерттелмегенін көрсетеді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын академиялық жазу талаптарына сай жоғары сапада рәсімделген деп айтуға болады. Зерттеу ауқымы үлкен болғанымен, талапқа сай жазылған. Диссертациялық жұмыс теориялық-методологиялық тұрғыдан жақсы жазылған. Нақты материалдарға бай. Толыққанды дайындалған жұмыс деп атауға болады.</p>

**Қорытынды:** Ізденуші Бейсегулова Айнура Кыдыргалиевна философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге лайықты.

Ресми рецензент:

**Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы**



**А.У. Тоқтабай**